

ISSN 1727-0537

№ 1–2, 2025

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ
ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛЫ

НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ



ӨЛКЕТАНУ КРАЕВЕДЕНИЕ

2001 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН
ОСНОВАН В 2001 Г.

ӨЛКЕТАНУ – КРАЕВЕДЕНИЕ

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ73VPY00029270
выдано Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан
19 ноября 2020 года

Подписной индекс – 76130

<https://doi.org/10.48081/LJVG5021>

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Мерц В. К.,
к.и.н. (главный редактор)
Кабиденова Ж. Д.,
доктор PhD (заместитель главного редактора);
Рахимов М. И.,
магистр (ответственный секретарь);

Члены редакционной коллегии:

Аяган Б. Г., д.и.н., профессор;
Кабульдинов З. Е., д.и.н., профессор;
Абусеитова М. Х., д.и.н., профессор;
Таштемханова Р. М., д.и.н., профессор;
Пивовар Е. И., д.и.н., профессор (Россия);
Уильям Фиерман, доктор PhD (США);
Жусупова Л. К., д.и.н.;
Рахимов Е. К., доктор PhD;
Шокубаева З. Ж. (технический редактор).

МАЗМҰНЫ

ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕР

Ахметова Г. Ж. ТАРИХТЫ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	5
Жекеев А. К., Каскабасова А. А. С. АСФЕНДИЯРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ	13
Кани Д. Ж. ПАМЯТНЫЕ МЕСТА КАЗАХСКОГО НАРОДА В ПАВЛОДАРСКОМ ПРИИРТЫШЬЕ В ПЕРИОД ЦАРСКОГО ПРАВЛЕНИЯ	19
Кани Д. Ж. МЕСТА, СВЯЗАННЫЕ С ТРАВМАТИЧЕСКОЙ ПАМЯТЬЮ ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ	24
Рамазанова К. А., Абдрахманов Б. Н. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НАГЛЯДНЫХ СРЕДСТВ В ИЗУЧЕНИИ РАЗДЕЛА «ПРОЦЕССА ПРИСОЕДИНЕНИЯ КАЗАХСКИХ ЖУЗОВ К РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ» НА УРОКАХ ИСТОРИИ	31
Сундетова Л. С., Каскабасова А. А. XX ҒАСЫРДАҒЫ ПАВЛОДАР-ЕРТІС ӨҢІРІНДЕГІ ІНДЕТ ЖӘНЕ ДЕҢСАУЛЫҚ САҚТАУ: АУРУҒА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ШАРАЛАР	38
Уразкулова К. А. ТЕМІРҒАЛИ НҰРЕКЕНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ХӘЛ-АҚУАЛЫ	43

За достоверность материалов и рекламы
ответственность несут авторы и рекламодатели.
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.
Рукописи и дискеты не возвращаются.
При использовании материалов журнала ссылка на
«Өлкетану – Краеведение» обязательна.



FTAMP 14.25.09:03.01.45

<https://doi.org/10.48081/SGRO6507>

Г. Ж. Ахметова

Мамандандырылған «Зерде» мектеп-лицейі,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

e-mail: magjan2006@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-2947-0689>

ТАРИХТЫ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада тарихты оқыту барысында инновациялық әдістерді қолданудың маңыздылығы және олардың оқушылардың білімін жетілдірудегі тиімділігі қарастырылады. Дәстүрлі оқыту әдістерінің шектеулерін жеңу және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында интерактивті технологиялар, мультимедиялық құралдар, виртуалды экскурсиялар, ойын технологиялары талқыланады. Сонымен қатар, инновациялық тәсілдердің оқушылардың танымдық белсенділігін, сыни ойлау қабілетін және тарихи деректерді талдау машықтарын дамытудағы рөлі көрсетілген. Мақалада инновациялық әдістер мен дәстүрлі тәсілдерді үйлесімді түрде қолданудың тиімділігіне ерекше назар аударылып, оқыту сапасын арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар беріледі. Бүгінгі таңда жаңа педагогикалық технологиялар оқыту үдерісін тиімді әрі тартымды етуге мүмкіндік береді. Платформалар мұғалімдер мен оқушыларға интерактивті тапсырмалар жасауға, вебинарлар өткізуге және тарихи тақырыптарды жаңаша меңгеруге көмектеседі. Сонымен қатар, виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары тарих пәніне жаңа көзқарас ашып, ұлтжанды, білікті, әрі шығармашылық тұлға тәрбиелеудің негізгі құралы бола алады. Тарихты жаңаша оқыту – тек өткенді түсіну ғана емес, сонымен қатар болашаққа жауапкершілікпен қарауға үйрететін маңызды құрал. Сондықтан бүгінгі күннің басты талабы – жаңашылдыққа ұмтылу мен шығармашылық ізденістен тайынбау.

Кілтті сөздер: тарихты оқыту, инновациялық әдістер, оқыту технологиялары, педагогикалық әдістер, интерактивті оқыту.

Кіріспе

Тарихты оқыту – оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруға, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға және өткен оқиғалардан сабақ алуға бағытталған маңызды білім берусаласы. Алайда, дәстүрлі оқыту әдістері заманауи оқушылардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмауы мүмкін. Осыған байланысты оқыту процесіне инновациялық әдістерді енгізу қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологиялар оқушылардың тарихи білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың

пәнге деген қызығушылығын арттырады, белсенді танымдық әрекеттерге ынталандырады. Мақалада тарихты оқытуда қолданылатын инновациялық әдістердің теориялық және тәжірибелік негіздері қарастырылып, олардың оқушылардың білім сапасын арттырудағы рөлі талданады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізі ретінде тарихты оқытудағы инновациялық әдістерді қолдану мәселесіне арналған ғылыми-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттердің теориялық талдауы жүргізілді.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: Оқыту процесінде қолданылатын дәстүрлі және инновациялық әдістерді салыстырмалы талдау.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тарих пәнінде инновациялық әдістерді қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға және білім сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Интерактивті әдістердің тиімділігі: Дискуссиялар, рөлдік ойындар және топтық жұмыстар оқушылардың белсенділігін арттырып, тарихи оқиғаларды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияларды пайдалану: Мультимедиа құралдарын, интерактивті тақталарды және виртуалды экскурсияларды қолдану сабақтарды көрнекі әрі қызықты етеді.

Жобалық оқыту әдісі: Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасының Білім беру Заңында «Білім берудің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1, 15 б.]. Бұл міндеттерді шешу үшін, мектеп ұжымдарының, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жолашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Бүкіл дүниежүзілік білім әлеміне асыру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар жүргізіледі. Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Бүгінгі заманда жаңа компьютерлік технологияларды енгізумен бірге «технология» деген ұғым жиі кездеседі. XX ғасырдың 60

жылдарындағы АҚШ пен Англияда пайда болып, содан бұл термин өмір қажеттілігіне байланысты дүниежүзіне таралып кетті. Педагогикада бұл ұғым оқушылардың аз ғана күш жұмсап, ең жақсы жоғарғы нәтижеге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған. Тарихты оқыту әдістері – оқушылардың тарихи білімдерін қалыптастырып, логикалық ойлауын дамытуға, тарихи оқиғаларды талдауға бағытталған тәсілдер жиынтығы. Тарихты оқытудың теориялық негіздері ғылымилық, хронологиялық, тарихи сәйкестік, көрнекілік ұстанымдарына сүйенеді. Тарихты оқытуда қолданылатын әдістер ауызша, көрнекілік, практикалық, зерттеу әдістері болып топтастырылады. Дәстүрлі білім беруде дәріс, мәтінді жаттау, сұрақ – жауап тәсілдері кеңінен қолданылады. Алайда аталған әдістерді үнемі қолдану оқушыларды тыңдаушы рөлінде қалдырады, бұл олардың белсенді ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға кедергі келтіреді. Монотонды және біржақты әдістер оқушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын төмендетіп, оны тек формальды түрде оқылатын пәнге айналдырады. Қазіргі оқушылардың технологиялық ортаға бейімділігі дәстүрлі әдістермен сәйкес келмей, білім беру процесінің тартымдылығын төмендетеді. Заманауи педагогикада инновациялық технологияларды қолдану – білім сапасын арттырудың негізгі бағыттарының бірі. Олар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, сабақтың мазмұнын қызықты әрі тиімді ете алады. Сондықтан тарихты оқытуда дәстүрлі оқыту мен жаңа әдістерді үйлестіре біріктіру – білім беру әрекетінің тиімді тәсілі. Әр әдістің артықшылықтарын біріктіру оқушылардың тарихи білімін тереңдетіп олардың танымдық, шығармашылық және зерттеушілік қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Заман талабына сай оқыту үшін инновациялық технологиялардың рөлі өте зор. Монаховтың педагогикалық технология туралы анықтамасы бойынша оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында бірқатар маңызды элементтер қарастырылған [2, 45 б.]. Технология грек сөзі, бізше өнер, шеберлік дегенге келеді. Педагогикалық технология ұғымының қазір 100-ден астам балама анықтамалары бар. Педагогикалық технология дегеніміз оқушы мен мұғалім үшін барлық жағынан өте қолайлы

жағдайлар жасай отырып, оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастырудың, өткізудің ақырына дейін ойластырылған, әрі бірлесіп жүзеге асырылатын педагогикалық қызметтің моделі.

Педагогикалық технологиялар білімнің мақсаты мен әдістемелерінің оқу- тәрбие үрдісінде өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттері мен формалары. Жоспарланған нәтижеге жетудің басты шарты – оқытылатын материалдың мақсатын дәл әрі нақты анықтау. Сондай-ақ, оқыту әдіс тәсілдерін техникалық құралдарды барынша тиімді іріктеу өте қажет. Тарихты бүгінгі заманның талабына сай оқытудағы басты талап – дүние жүзілік дамудағы адамзаттың орны, ол жасаған өлемдік құндылықтардан хабардар, жан-жақты жетілген, өз тарихының өткеніне көз жүгіртетін, қоғамның даму үрдісіне өзінше баға бере алатын, белсенді, ұлтжанды, патриот азаматты қалыптастыру. Тарих пәнін оқыту, ұлттық идеологиямен сусындаған азаматтар тәрбиелеу, ашық қоғам орнатуға ат салысатын патриот болуға ықпал ету үшін қаншама шығармашылық ізденіс қажет. Тәуелсіздік еліміздің қоғам дамуының барлық саласына әсер етіп, әлемдік үздік тәжірибелерге сүйенген жаңа мазмұндағы оқу-тәрбие жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Өскелең ұрпаққа ұлттық тәрбие беру және олардың рухани жаңғыруына тірек болатын негізгі орталық – мектеп екені бәрімізге мәлім. Осыған орай, оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, ұлттық мәдениетті, рух пен сана-сезімді қалыптастыруда инновациялық іс-әрекеттерді енгізу маңызды нәтижелерге жетелеп отыр. Бүгінгі күннің ғылыми-техникалық прогресі, әсіресе, өндірісті автоматтандыру мен компьютерлендіру, білім беру саласына да жаңа талаптар қойды. Осы өтпелі кезеңде мектеп оқушыларын ғылым негіздеріне үйретіп, білім сапасын әлемдік стандарттарға жақындату, оқыту мазмұны мен әдістерін жаңғырту – мемлекет үшін өзекті міндетке айналды. Бұл міндеттерді тиімді шешу мектептің материалдық-техникалық базасына, оқу құралдарының ғылыми-әдістемелік тұрғыда дайындалуына, мұғалімдердің жаңа технологияларды шебер қолданылуына тікелей байланысты. Ұлы педагог М. Жұмабаев айтқандай, «Қазақстанның тағдыры, болашағы

жарқын ел болуы мектептің қандай негізге құрылуына байланысты. Егер мектебімізді мықты әрі өз болмысымызға сай етіп жасақтай алсақ, келешегімізге сеніммен қадам басамыз. Ал егер мұндай негізді құра алмасақ, болашағымыз бұлдыр болмақ [3, 6-6.]. Сондықтан, оқу-тәрбие жүйесін заман талабына сай ұйымдастыра білу – бүгінгі күннің басты талабы. М.Жанпейісова, Ж.Қараев және Ш.Таубаева қазіргі педагогикалық технологиялардың тиімділігін оқу процесінде мұғалімнің белсенділігі мен шығармашылық ізденісі арқылы көрсетуге тырысады. Олар оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу арқылы білім беру сапасын арттырудың маңыздылығына ерекше назар аударады. [4, 10 б.]

Қазақстанда Ш. Қалановтың, Ж. Қараевтің, Ш. Таубаеваның, Қ.Қабдықайыровтың, С.Лактикованың, М. Жанпейісованың, Ә. Жүніспек пен Қ. Нағымжанованың, С. Көшімбетованың, К. Ж. Бұзаубақованың, Б. Тұрғанбаева мен А. Әлімовтың, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары жан-жақты қарастырылады. Бұл технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, еңбегін шәкірттерінің бағалауы, пәндік білім сапасының жоғары болуы ерекше орын алады. Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала – объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады»;- ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру; – қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады; – саралап

деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады. - оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет; - дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үдерісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілігін арттырады. С. Көшімбетова осы инновациялық технологияларды оқу процесіне енгізу арқылы оқушылардың жеке тұлғалық дамуына, шығармашылық қабілеттерінің артуына және әлеуметтік жауапкершілігінің күшеюіне ықпал ететінін атап көрсетті. [5, 67 б.]. Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады. Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В. Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады. Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел. Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады. Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үдерісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Тұрғанбаева Б.А. және Әлімов А. (2010) жазған "Білім берудегі инновациялық технологиялар: әдістемелік нұсқаулығы білім беру жүйесіндегі инновациялық әдістемелер мен технологиялардың маңыздылығын анықтайды. Кітапта көрсетілген әдістемелік нұсқаулықтар мен инновациялық технологиялар білім беру үдерісін жетілдірудің тиімді жолдарын ұсынады. Бұл технологияларды білім беру жүйесінде қолдану оқу сапасын арттырып, оқушылардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Оқытушының рөлі осы үдерісті іске асыруда шешуші фактор болып табылады. [6].

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастық пен инновациялық тәсілдердің үйлесімі білім сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Сондықтан инновациялық технологияларды енгізу – болашақта еліміздің білім беру жүйесінің дамуына үлкен ықпал етеді деп сеніммен айтуға болады.

Білім беру жүйесі үнемі даму үстінде және осы дамудың маңызды бөлімі – жаңа педагогикалық технологиялардың енгізілуі. Жаңа педагогикалық технологиялар білім беру процесін тиімді әрі интерактивті етуге бағытталған инновациялық әдістер мен тәсілдер жиынтығын білдіреді.

Қазіргі білім беру жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың интеграциясына байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Гуманитарлық циклдің маңызды пәні ретінде тарихты оқыту процесі цифрландыру мен жаңа педагогикалық тәсілдерді енгізуге де әсер етеді. Бұл мақалада қарастырылған мәселенің өзектілігі – тарихтағы білім беру процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

LearningApps-бұл тегін онлайн-платформа, онда сіз өзіңіздің жеке тапсырмаларыңызды жасай аласыз, жарияланғандарды өңдей аласыз және басқалардың құрастырған тапсырмаларын орындай аласыз. Сабақтарды интерактивті режимде өткізу мақсатында педагогтар мен оқушылар үшін пайдалы болады. LearningApps платформасы тапсырмалардың 15-тен астам түрін жасауға, сондай-ақ әрқайсысына жауап схемаларын беруге мүмкіндік береді. Мысалы: кроссворд, викторина, «жұпты табу»,

бос орындарды толтыру, «асу», тәртіпті қалпына келтіру. Платформада басқа адамдар әзірлеген жаттығулардың кең базасы бар. Сайттың интерфейсі ағылшын тілінде. Қаласаңыз, мәтінді ыңғайлы тілге аударуға немесе орыс нұсқасын таңдауға болады. Платформа каталогын «барлық жаттығулар» батырмасы арқылы ашуға болады. Осыдан кейін белгілі бір санат пен ішкі санатты таңдау керек (мысалы, «Тарих» → «Қазақстан тарихы»). Сонымен қатар, мақсатты аудиторияны оң жақтағы шкала бойынша көрсетуге болады (айталық, "орта мектеп — негізгі мектеп"). «Медиа» бөлімінде жаттығуларда қолданылатын мазмұн түрінің параметрлері бар (аудио, бейне немесе сурет). Бұл функционалдылық, мысалы, пайдаланушы бейне тізбегін қоса алмаса және оған тек статикалық суреттер қол жетімді болса пайдалы. Егер сіз сол жақтағы іздеу жолағында белгілі бір тақырыпты көрсетсеңіз, онда платформа осы кілт сөздерді қамтитын барлық тапсырмаларды таңдайды. Каталогта әр жаттығу сурет және тақырып түрінде көрсетіледі. Егер пайдаланушы оны тінтуірдің үстіне апарса, онда оның рейтингі, көру саны, тілі, автордың аты және форматы көрсетіледі (мысалы, «ретке келтіру»). Айта кету керек, бағалау функциясы сайтта тіркеуден өткен адамдарға ғана қол жетімді. LearningApps.org платформасы өте ыңғайлы құрал болып табылады [7].

Ұсынып отырған «Chrome үшін Google Earth» қызметі оқушылар үшін өте қызықты. Бағдарлама арқылы сіз бірнеше секунд ішінде планетаның кез келген жеріне өтіп, жүздеген қалаларды үш өлшемді режимде көре аласыз. Жаңа нәрсені табу үшін текшені айналдырыңыз, зерттеушімен экскурсияға барыңыз, жеке карталар жасаңыз. Бастапқыда Google Earth негізгі технологиясын 1990 жылдардың соңында Intrinsic Graphics компаниясы жасаған. Ол кезде компания негізінен 3D ойындарға арналған бағдарламалық жасақтама кітапханаларын жасаумен айналысқан. Үш өлшемді бағдарламалық жасақтаманы көрсету үшін олар «оныншы дәрежелер» фильміндегідей үлкейтуге болатын виртуалды айналмалы глобус жасады. Демонстрация танымал болды, бірақ intrinsic компаниясының басшылығы ойын индустриясына назараударғысы келді және

1999 жылы картография технологияларын дамыту үшін олар Keyhole Inc еншілес компаниясын құрды. Джон Ханке бастаған . Keyhole үлкен картографиялық мәліметтер базасын Интернет арқылы клиенттік бағдарламалық жасақтамаға жіберу әдісін жасады және үкіметтерден және басқа көздерден картографиялық мәліметтер жиынтығын сатып алды. «Keyhole EarthViewer» брендімен олардың бағдарламалық өнімі жылжымайтын мүлік сияқты салаларда пайдалану үшін CD-де сатылды, Кескінді визуализациялау үшін DirectX немесе OpenGL интерфейстері арқылы экранда көрсетілетін бүкіл жер шарының үш өлшемді моделі (биіктігін ескере отырып) қолданылады. Google Earth бағдарламасы мен оның алдындағы Google Maps арасындағы негізгі айырмашылық жер бетіндегі ландшафттардың үш өлшемділігінде [8]. Пайдаланушы «виртуалды камераның» орнын басқара отырып, планетаның кез келген жеріне оңай ауыса алады. Сондай-ақ, пайдаланушының қалауы бойынша қосылуға болатын көптеген қосымша деректер бар. Мысалы, елді мекендердің, су айдындарының, әуежайлардың, жолдардың, теміржол және т.б. атаулары. ақпарат. Сонымен қатар, көптеген қалалар үшін егжей — тегжейлі ақпарат бар: көше атаулары, дүкендер, жанармай құю бекеттері, қонақ үйлер. Википедия мақалаларына сілтемелер көрсетілген (кеңістіктік байланған) геодеректер қабаты (ғаламтор арқылы тиісті мәліметтер базасымен синхрондалған) бар. Ресейде сіз орталық облыстардағы барлық қалалардың көше атауларын көре аласыз. Пайдаланушылар өздерінің тегтерін жасай алады және суреттерін спутниктік суреттердің үстіне қоя алады (бұл карталар немесе басқа көздерден алынған егжей-тегжейлі суреттер болуы мүмкін). Бұл белгілерді Google Earth Community форумы арқылы бағдарламаның басқа пайдаланушыларымен бөлісуге болады. Осы форумға жіберілген белгілер бір айдан кейін барлық Google Earth пайдаланушыларына көрінеді. Google Earth платформасының үш өлшемді көрінісін зерттеу үшін осы құралды қолдануға болады. <https://earth.google.com/earth/d/11Lalux0GiZvoJL69pU2rCvsfjlu4gdM?usp=sharing> (Сурет 1)



Сурет 1. Google Earth платформасында жасалған ерте орта ғасырлық мемлекеттердің шекарасы

CoreApp-білім беру материалдарын жасауға және жетілдіруге арналған онлайн-платформа. Онда вебинарлар өткізуге, интерактивті сабақтар құруға, курстарды әзірлеуге және іске қосуға, оқушылардың үлгерімін бағалауға, мазмұн үшін төлемдерді қабылдауға болады. Сонымен қатар, CoreApp сізге үшінші тарап қызметтерінің мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді: Coreapp – бұл дайын тапсырмалары бар ресурс емес. Бұл сабақтың конструкторы, онда сіз бүкіл оқу сабағын жасай аласыз – мақсат қоюдан бастап рефлексия кезеңіне дейін. Онда сабақтың барлық кезеңдерін модельдеу үшін ең қажетті құралдар бар. Мұғалім сабақты әдеттегі сабаққа дайындалғандай толықтай құрастыра алады: тақырып, мақсаттар, жаңа материалды үйрену, бекіту жаттығулары, бақылау немесе тексеру тапсырмасы, рефлексия. CoreApp платформасы онлайн білім беру материалдарын әзірлеу үшін қолдануға ыңғайлы құрал болып табылады [9]

Мұның бәрі мұғалімнің оқушылардың алдына қоятын міндеттеріне және оның қиялына байланысты. Алайда, тарихты оқу оқушыларға абстрактілі процесс болғандықтан қиындық тудырады., әсіресе жас оқушылар үшін. Бірақ технологияның дамуымен өткенді оқып түсінуде қол жетімді және қызықты етудің инновациялық тәсілдері пайда болды. Осындай әдістердің бірі – визуализация мен виртуалды шындықты (VR) пайдалану арқылы практикалық мысалдар келтіруге болады. Тарихи білім беруде виртуалды және толықтырылған шындықты қолдану тарихты оқытудың жаңа көкжиектерін ашады, бұл оқу процесін интерактивті, көрнекі және қызықты етеді. Визуализация және виртуалды шындық тарихи оқиғаларды оқудың бірегей мүмкіндіктерін

ұсынады. Бұл технологиялар тарихи оқиғалар мен орындарды көруге, естуге және тіпті «сезінуге» мүмкіндік береді және есте қалады. VR тарихи орындардың, оқиғалардың және кейіпкерлердің толық виртуалды модельдерін жасауға мүмкіндік береді. Оқушылар ежелгі қалаларға, шайқастарға, мәдени орталықтарға және тарихтың басқа да маңызды сәттеріне бару арқылы уақыт пен кеңістікте саяхаттай алады. Бұл иммерсияны күшейтеді және білім алушыларға тарихи оқиғаларды өз тәжірибелерімен сезіну арқылы материалға тереңірек енуге мүмкіндік береді. Тарихты оқытуда VR қолдану оқушыларды ынталандырады, бұл оқуды қызықты әрі есте қаларлық етеді. Тарихи дәуірге «кіру» мүмкіндігі тарихты зерттеуге және оның маңыздылығын түсінуге деген ынтаны айтарлықтай арттырады. AR виртуалды элементтер мен нысандарды нақты ортаға қосуға мүмкіндік береді, бұл интерактивті оқыту сценарийлері үшін мүмкіндіктер жасайды. Оқушылар, мысалы, кеңейтілген шындықтағы мүсіндерге, ғимараттарға немесе артефактілерге қарап, олардың тарихи маңызы мен контексті туралы қосымша ақпарат ала алады. [10].

Қазіргі білім беру платформалары бүкіл әлем бойынша тарихи орындарға виртуалды экскурсиялар ұсынады. Қазақ тарихымен байланысты белгілі және аз танымал тарихи орындарға виртуалды экскурсиялар ұсынуға болады. Қазақ тарихы аясында оқушыларға Ұлы дала ізімен бірге виртуалды саяхатқа шығу ұсынылады. Олар көшпелі тайпалардың тіршілік аумағын, адамдардың экстремалды жағдайда қалай өмір сүргенін түсіну және қазақ ұлтын қалыптастыру үшін көш-қонның маңыздылығын бағалап, зерттей алады. Олар көшпенділердің қандай мәдени дәстүрлердің болғанын, ата-бабаларының киіз үйлерді қалай жасағанын, қандай қолөнермен айналысқанын көреді. Тарихи оқиғалар мен жағдайларды виртуалды шындықта көру оларға тек тамашалау ғана емес, сыни ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытады.. Мысал ретінде ұжымдастыру кезеңін елестетіп көрейік. виртуалды шындықкөмегімен оларқақтығыстыәртүрлі көзқарастардан көре алады: «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» қаулы, туыстардың бір-біріне қарсылығы, далада қалған тұрғындар, малмен қоса бау-бақша, ауыл шаруашылығы құралдары

— соқа-сайман, арба, шана, тіптен күрке, жертөлелерді де тәркілеу, тіпті шешім қабылдаған саясаткерлер. Бұл оларға оқиғалар туралы терең және жан-жақты түсінік алуға мүмкіндік береді. сонымен қатар виртуалды шындық технологиясын 3D модельдеу мен бағдарламалауды үйрену құралы ретінде пайдалануға болады. Оқушылар геометрия мен графика негіздерін үйренеді, содан кейін бұл білімді өз қолданбаларын жасау үшін қолданады. Виртуалды шындық білім алушыларға зерттелетін ортаға енуге, пәндермен өзара әрекеттесуге және қарапайым өмірде қол жетімді емес тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Бұл оқиғаларды түсіну мен есте сақтауды жақсартады. «Тарих марафоны» жобасын жасауды ұсынамын. Тарих марафоны оқушылардың тарихи білімдерін

тереңдету, тарихи танымын дамыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталған.

Инновациялық технологияларды қолдану тек тарих пәні үшін ғана емес, барлық білім беру салаларында маңызды. Олар оқыту процесін интерактивті, көрнекі және есте қаларлық етіп қана қоймай, оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға зор үлес қосады. Бұл технологиялар білім берудің жаңа көкжиектерін ашып, оның тиімділігін арттырудың негізгі құралдарының біріне айналууда. Сондықтан мұғалімдер, оқушылар және білім беру мекемелері үшін заманауи технологияларды игеру мен оларды оқыту процесінде белсенді қолдану — уақыт талабы.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Білім беру туралы заң Қазақстан Республикасы, 2007 жыл, 27 шілде, № 319-III.
- 2 **Монахов, В. М.** Педагогическая технология : Учебное пособие. – М. : Академия, 1997.
- 3 **Жұмабаев, М.** Педагогика. – Алматы : Рауан, 1993.
- 4 **Жанпейісова, М. М., Қараев, Ж. А., Таубаева, Ш. Т.** Білім берудегі заманауи технологиялар. – Алматы: Мектеп, 2005.
- 5 **Көшімбетова, С. Ж.** Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданудың ерекшеліктері. – Алматы : Білім, 2006.
- 6 **Тұрғанбаева, Б. А., Әлімов, А.** Білім берудегі инновациялық технологиялар: әдістемелік нұсқаулық. – Астана: Фолиант, 2010.
- 7 LearningApps.org. Білім берудегі интерактивті тапсырмалар платформасы. [Электронды ресурc]. – Қол жеткізу: <https://learningapps.org>
- 8 Google Earth. Жер шарының үшөлшемді көрінісі мен зерттеу құралдары. Қол жеткізу:
- 9 [Электронды ресурc]. – <https://earth.google.com/earth/d/1i1Lalux0GiZvoJL69pU2rCvsfjlu4gdM?usp=sharing>
- 10 CoreApp платформасы. Онлайн білім беру материалдарын әзірлеу. [Электронды ресурc]. – Қол жеткізу: <https://coreapp.ai>
- 11 **He, L., & Tan, S.** "Applications of Augmented Reality in Education: A Review." International Journal of Computer Science Education, (2019), 8(2), 70–78.



***А. К. Жекеев, А. А. Каскабасова**

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

e-mail: zekeevadil@gmail.com

С. АСФЕНДИЯРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Мақалада қазақ халқының көрнекті ғалымы, қоғам және мемлекет қайраткері Санжар Асфендияровтың өмірі мен атқарған қызметі кеңінен сипатталады. Оның білім алған жолы, ғылыми еңбектері, мемлекеттік құрылымдағы қызметтері және халқына сіңірген еңбегі жан-жақты талданады. Сондай-ақ Асфендияровтың Қазақстанда алғашқы медициналық жоғары оқу орнын ашудағы тарихи маңызы мен ұлттық ғылымның дамуына қосқан үлесі ерекше атап өтіледі. Бұл еңбек Санжар Асфендияровтың тарихи рөлін ашып көрсетуге және оны жас ұрпаққа үлгі ретінде ұсынуға бағытталған.

Кілтті сөздер: Санжар Асфендияров, тарихшы, дәрігер, қоғам қайраткері, Қазақ медициналық институтының негізін қалаушы, 1930-жылдардағы репрессия.

Санжар Асфендияровтың балалық шағы оның тұлғалық қалыптасуына елеулі әсер еткен кезең болды. Ол 1889 жылы 20 қазанда Ташкент қаласында, дәулетті де сауатты отбасында дүниеге келді. Әкесі — Жафар Асфендияров әскери қызметкер болған, ал шешесі — қарапайым, бірақ бала тәрбиесіне аса мән берген жан еді. Санжардың тәрбиесінде мұсылмандық дәстүр мен шығыс мәдениетінің әсері мол болды. Үйде көбінесе түркі, парсы және орыс тілдері қолданылған. Бұл оның болашақта көп тілді еркін меңгеруіне септігін тигізді.

Бала күнінен кітап оқуға құмар Санжар өте зерек болып өсті. Оның зеректігін алғаш байқағандар — мұғалімдері мен отбасындағы үлкендер еді. Ол ерте жасынан-ақ тәңірегіндегі құбылыстарға сын көзбен қарап, үнемі сұрақ қойып, білімге деген құштарлығын танытты. Бұл қасиеті кейіннен оның ғылым мен ағартушылық жолына бет бұруына түрткі болды. [1]

Асфендияровтың өмір жолына зер салсақ, оның балалық шағы кездейсоқ қалыптаспағанын көреміз. Ол бала кезінен үлкен мақсаттарға ұмтылған, өзін тек бір отбасының мүшесі емес, тұтас ұлттың болашағы ретінде сезінген. Бұл көзқарас

оның қоғамдық және саяси қызметінде де көрініс тапты.

Санжар Асфендияров – балалық шағынан бастап өзін ел мүддесіне қызмет етуге арнаған, ұлттық рухы биік, жан-жақты дамыған тұлға. Оның балалық шағы туралы жазылған естеліктер мен деректер – бүгінгі ұрпақ үшін өнеге аларлық өмірлік сабақ. Бүгінгі Қазақстан жастары үшін Санжардай тұлғалар – нағыз рухани бағдар болуы тиіс.

Санжар Асфендияровтың балалық шағы — тек бір адамның естелігі ғана емес, бір дәуірдің айнасы іспеттес. Оның балалық және жастық шағы – ұлт үшін шешуші кезеңмен тұспа-тұс келді. Бұл – қазақ халқының ояну кезеңі, ұлттық сананың жаңғыру дәуірі болатын. Санжар дәл осы рухани жаңғыру толқынында өсті. Оның тәрбиесіне әсер еткен тек отбасы емес, сол уақыттағы қоғамдық ахуал да еді.

Сонымен қатар, Асфендияров бала кезінен тіл үйренуге ерекше көңіл бөлген. Ол орыс тілін жетік меңгеріп, кейінірек араб, парсы, неміс тілдерін де үйренген. Бұл тілдік қабілет оның ғылыми еңбектеріне, аударма қызметіне және халықаралық ғылыми орталармен байланыс орнатуына мүмкіндік берді. Оның бойындағы көптілділік қасиеті – оның интеллектуалды

биіктікке көтерілуінің кепілі болды. Оның өмірі мен қызметі – тәрбие мен ұлттық сананың үйлесім табуының жарқын көрінісі. [2]

Санжар Асфендияровтың тұлға болып қалыптасуында алғашқы білім ордалары маңызды рөл атқарды. Соның ішінде Ташкент қаласындағы реалдық училище – оның дүниетанымының кеңеюіне, ғылымға деген қызығушылығының артуына зор ықпал еткен оқу орны болды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Орталық Азияда орналасқан ең беделді оқу орындарының бірі саналатын бұл училище қазақ жастары үшін білімге апаратын маңызды баспалдақ еді. [3]

Училищеде оқыған жылдары Санжар Асфендияров орыс тілін жетік меңгеріп қана қоймай, басқа да тілдерге қызығушылық танытты. Бұл оның болашақ ғылыми-зерттеу қызметіне үлкен септігін тигізді. Ол ғылымды терең меңгеру үшін тіл білу аса маңызды екенін жақсы түсінді.

Санжар оқу барысында көптеген жетістіктерге жетті. Ол бірнеше мәрте училищенің Құрмет грамотасымен марапатталды. Мұғалімдер қауымы оның білімге құштарлығын, табандылығын жоғары бағалады. Бұл марапаттар мен жетістіктер оның ары қарай Верный гимназиясына және кейінірек Санкт-Петербургтегі Императорлық әскери-медициналық академияға түсуіне жол ашты. [4]

Санжар Асфендияров 1912 жылы Санкт-Петербургтегі Императорлық әскери-медициналық академиясын үздік бітіріп, әскери дәрігер ретінде Ресей империясының қызметіне кірісті.

1914 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғанда, Асфендияров әскери дәрігер ретінде майданға жіберілді. Ол Ресей армиясының құрамында Түркия, Кавказ және Шығыс Еуропадағы ұрыс далаларында жұмыс істеді.

1917 жылы Ресейдегі Ақпан революциясынан кейін елдегі саяси жағдай күрт өзгерді. Санжар Асфендияров Уақытша үкіметтің саясатын қолдап, Түркістан өлкесінде халықтың саяси және әлеуметтік құқықтарын қорғау мақсатында қоғамдық қызметке араласа бастады.

Қазан төңкерісінен кейін, Кеңес билігі орнағанда, ол революциялық өзгерістерді қолдап, Түркістан өлкесінде кеңестік билікті нығайту ісіне араласты. 1918

жылы ол Түркістан Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасында денсаулық сақтау саласында қызмет атқара бастады.

1918–1920 жылдары Ресейде Азамат соғысы жүріп жатқанда, Асфендияров Қызыл Армия қатарында әскери дәрігер болып қызмет етті. Ол Түркістандағы әскери-далалық госпитальдарда жұмыс істеп, көптеген жаралы сарбаздарға медициналық көмек көрсетті.

Ресейдегі революциялық өзгерістер мен азамат соғысы жылдары Санжар Асфендияровтың қоғамдық және саяси көзқарасының қалыптасуына үлкен әсер етті. Ол Кеңес үкіметінің жаңа әлеуметтік саясаттарын қолдап, Қазақстан мен Орта Азияда білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін дамытуға бағытталған реформаларға белсенді қатыса бастады. [5]

1920 жылдардың басында Санжар Асфендияров Ресейдегі революциялық өзгерістермен азамат соғысы аяқталған соң, Кеңес үкіметінің шақыруымен Қазақстанға оралып, жаңа биліктің әлеуметтік және экономикалық реформаларына белсене араласа бастады.

Қазақстандағы алғашқы қызметтері 1920 жылы ол Қазақ АКСР-інің астанасы Орынбор қаласына келіп, Қазақ АКСР Денсаулық сақтау халық комиссариатында (министрлігінде) қызмет атқара бастады.

1921 жылы ол Қазақ АКСР-інің Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалды. Бұл қызметінде ол елдегі медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру, ауылдық жерлерде дәрігерлік көмек көрсету және медициналық кадрларды даярлау мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Оның бастамасымен санитарлық-ағарту жұмыстары жүргізіліп, халық арасында жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары күшейтілді.

1924–1925 жылдары Санжар Асфендияров Мәскеуге шақырылып, Түркістан автономиялы республикасында және Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінде (БОАК) жауапты қызметтер атқарды.

1925 жылы ол Қазақстанға қайта оралып, түрлі мемлекеттік және ғылыми мекемелерде қызмет атқарды. Ол: Қазақ АКСР-інің жоспарлау және экономика салаларында жұмыс істеп, әлеуметтік-экономикалық дамуды зерттеумен айналысты. Сонымен қатар Халық ағарту

және білім беру жүйесін дамытуға белсенді қатысты.

1920 жылдардың соңына қарай, Санжар Асфендияров тек медицина және мемлекеттік қызметпен шектелмей, Қазақстан тарихын зерттеуге де ерекше көңіл бөле бастады. Ол қазақ халқының тарихын кеңестік идеология тұрғысынан емес, ғылыми негізде зерттеу қажеттігін алға тартып, осы бағытта еңбектер жаза бастады. [6]

Қазақ АКСР-інің Денсаулық сақтау халық комиссары қызметін атқарды. Бұл кезеңде елде:

- дәрігерлердің жетіспеуі,
- эпидемиялық аурулардың кең таралуы (оба, шешек, туберкулез, безгек),
- медициналық мекемелердің жеткіліксіздігі сияқты қиындықтар бар еді.

Осыған байланысты ол:

1 Денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыруға атсалысты – ауылдық және аудандық деңгейде алғашқы медициналық пункттер ашу мәселесін көтерді.

2 Эпидемияға қарсы күресті күшейтті – халық арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу арқылы жұқпалы аурулардың алдын алуға тырысты.

3 Медициналық кадрларды даярлау мәселесіне назар аударды – Қазақстанда жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан дәрігерлердің тапшылығын жою үшін медициналық білім беруді дамытуға күш салды.

1928 жылы оның бастамасымен Қазақ мемлекеттік медицина институты (қазіргі С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті) құрылды. Бұл – Қазақстандағы алғашқы медициналық жоғары оқу орны болды. Институт дәрігерлер мен медицина мамандарын даярлауда маңызды рөл атқарды.

Оның бұл салалардағы еңбегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен ғылыми-интеллектуалдық әлеуетінің қалыптасуына үлкен ықпал етті. [7]

1920-жылдардың соңында Кеңес үкіметі Қазақстанның тарихын зерттеуді қолға ала бастады. Осы кезде Санжар Асфендияров ұлттық тарихты ғылыми негізде зерделеуге белсене кірісті. Ол тарихқа медициналық білім тұрғысынан емес, қоғамдық және саяси қайраткер, әрі ғалым ретінде қарады.

«Қазақстан тарихының очерктері» (1935) атты еңбегі Қазақстан тарихына арналған алғашқы кеңестік еңбектердің бірі. Бұл кітапта автор қазақ халқының шығу тегі, көшпелі қоғамның құрылымы, қазақ хандығының қалыптасуы мен дамуы, Ресеймен қарым-қатынасы және отарлық езгі кезеңдері туралы жан-жақты баяндады.

Асфендияровтың тарихи зерттеулерінің маңызы:

1. Қазақстан тарихын жүйелі түрде зерттеуге жол ашты – оның еңбектері кейінгі зерттеушілер үшін құнды дереккөз болды.

2. Қазақ халқының ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға үлес қосты – ол халықтың өткенін зерттеп, тарихи жадыны сақтаудың маңыздылығын көтерді.

3. Қазақстандағы тарих ғылымының дамуына негіз қалады – оның бастамасымен Қазақ КСР-інде алғашқы тарихи зерттеулер жүргізіле бастады.

Санжар Асфендияровтың Қазақстан тарихын зерттеудегі еңбегі ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Ол қазақ халқының өткенін кеңестік жүйе ықпалынан тәуелсіз зерттеуге тырысты. Бірақ оның бұл ұстанымы Кеңес билігінің саясатына қайшы келіп, 1937 жылы сталиндік репрессияның құрбаны болуына әкелді. Дегенмен, оның ғылыми мұрасы Қазақстан тарихының негізін қалауға үлкен үлес қосты. [8]

Қазақ медициналық институтының құрылуы – Қазақстандағы медициналық білім беруді жүйелі түрде дамыту және заманауи денсаулық сақтау жүйесін қалыптастырудағы маңызды кезеңдердің бірі болды. Бұл процесс Кеңес билігінің әлеуметтік және ғылыми реформалары аясында жүзеге асты және елдегі медициналық кадрларды даярлаудың жаңа дәуірін ашты.

Асфендияров институттың құрылу үдерісін ұйымдастыруда жетекші рөл атқарып, оқу жоспарын, кадрлық саясатты және оқу бағдарламаларын әзірлеуге белсенді араластырды. Ол заманауи басқару тәжірибесін қолдана отырып, оқу орнының құрылымын тиімді ұйымдастыруға ықпал етті.

Асфендияровтың бастамасымен және жетекшілігімен Қазақ медициналық институты еліміздің алғашқы медициналық

жоғары оқу орындарының бірі ретінде қалыптасты. Бұл оқу орны тек дәрігерлерді даярлаумен шектелмей, медициналық ғылым мен зерттеу саласындағы жаңалықтарды таратуға, сондай-ақ халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталды. [9]

Осылайша, Асфендияровтың қызметі қазіргі Қазақстандағы денсаулық сақтау мен жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті.

Санжар Асфендияровтың Қазақстан тарихына қатысты еңбектері ұлттық тарих ғылымын дамытудың, тарихи деректерді ғылыми тұрғыда талдаудың және қазақ халқының ұлттық санасын қалыптаудың маңызды қазынасы болып табылады. Оның ғылыми еңбектерінде қолданылған зерттеу әдістері ерекше маңызға ие болды. Ол архивтік құжаттар, ескі басылымдар, жеке куәліктер мен ауызша деректерді жинақтап, жүйелеп талдауды қолға алды. Бұл әдіс қазіргі уақытта да тарихшылар мен зерттеушілер үшін үлгі болып табылады. Оның еңбектерінде деректерді дәлелді түрде ұсыну, әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді салыстыру арқылы объективті талдау жасау маңызды орын алды.

Санжар Асфендияровтың Қазақстан тарихына қатысты еңбектері тек тарихи деректерді жинақтап қана қоймай, ұлттық сананы қалыптастыру мен тарихты жан-жақты түсіндіру жолында үлкен маңызға ие болды. Оның зерттеу әдістері, ғылыми жаңалықтары және материалдық базаны пайдалану тәсілі бүгінгі тарих ғылымы үшін де өзекті болып табылады. Осы еңбектер ұлттық тарихи мұраны сақтауға, болашақ ұрпаққа тарихты сабақ алу құндылықтарын жеткізуге зор үлес қосты. [10]

Оның есімі мен еңбектері тәуелсіз Қазақстанда қайта жаңғыртылып, Қазақ ұлттық медицина университетіне оның аты берілді. Бүгінде Асфендияровтың ғылыми мұрасы Қазақстан тарихы мен медицина ғылымының маңызды бөлігі ретінде бағаланады.

Санжар Асфендияровтың өмірі мен қызметі Қазақстанның тарихында, медицина мен білім берудің дамуы мен ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда ерекше орын алады. Оның балалық шағы мен білім алу кезеңдері жеке тұлға ретінде қалыптасуына, әрі кәсіби маман ретінде жоғары білім алуға негіз болды. Ресейдегі әскери дәрігер ретінде қызметі мен революцияға белсене қатысуы оның қоғамдық-саяси көзқарасын қалыптастырып, Қазақстанға оралғаннан кейінгі қызметіне терең әсер етті.

Қазақстанда қызметінің басталуымен Асфендияров денсаулық сақтау және білім беру жүйелерін жетілдіруге, халықтың медициналық көмекке қолжетімділігін арттыруға, ұлттық кадрларды даярлауға бағытталған реформаларды іске қосты. Оның жетекшілігімен Қазақ медициналық институтының құрылуы заманауи медициналық білім берудің негізін қалайды. Сонымен қатар, ол Қазақстан тарихын ғылыми тұрғыда зерттеуге ерекше үлес қосып, ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда маңызды еңбектер қалдырды.

Өкінішке орай, Кеңестік биліктің репрессиясы оның өмірінің соңғы кезеңін қайғылы оқиғаға айналдырды, бірақ кейінгі жылдары ақталуы оның ғылыми мұрасы мен қоғамға қосқан үлесін қайта бағалауға мүмкіндік берді. Тәуелсіз Қазақстанда оның еңбектері, идеялары мен ұстанымдары қазіргі заманғы ғылым мен білімнің дамуына, ұлттық мәдени мұраны сақтауға және ұрпаққа әділ тарихты үйретуге негіз болып қала береді.

Осылайша, Санжар Асфендияровтың өмір жолы мен қызметі тек өз кезеңінің ғана емес, болашақ ұрпаққа үлгі болатын ғұмыр мен ұстанымның жарқын мысалы болып табылады. Оның ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі бүгінгі Қазақстанның дамуына зор үлес қосқан маңызды құндылық ретінде сақталып, әрі қарай да зерттеу мен насихатталуы қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Асфендияров, С. Ж.** «Қазақстан тарихының очерктері». – Алматы : «Қазақ университеті», 1935. – 256-б.
- 2 **Абдуллин, А.** «Қазақстан медициналық тарихы». – Нұр-Сұлтан: «Қазақстан баспасы», 2000. – 312-б.
- 3 Ибраев, Ж. «Қазақ зиялылары және ғылым». – Алматы: «Ғылым», 1998. – 280 бет.
- 4 **Мухамедьяров, Р.** «Кеңестік Қазақстанның білім беру жүйесі». – Алматы : «Болашақ», 2005. – 190-б.
- 5 **Сейфуллин, Ә.** «Репрессия жылдары: Қазақстан зиялыларының тағдыры». – Алматы : «Жарық», 2010. – 220-б.
- 6 **Нұржан, Б.** «Қазақстанның денсаулық сақтау саласы: тарихи және қазіргі кезең». – Алматы : «Медицина», 2015. – 250-б.
- 7 **Омаров, К.** «Қазақ ғылымы : XX ғасырдағы жетістіктер». – Нұр-Сұлтан : «Ғылым әлемі», 2012. – 300-б.
